



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

экстрадициялау туралы шешімді сот емес үкімет немесе оның қандай да бір органы қабылдайтындықтан әкімшілік процесс деп есептейді. Тиісінше бұл құқықтық институтты әкімшілік немесе мемлекеттік құқыққа жатқызуға болады. Сонымен қатар, экстрадицияны қылмыс жасаған тұлғаны басқа мемлекетке беру тәртібі белгіленген процессуалдық кепілдіктер сақталған жағдайда ғана жүзеге асырылатындықтан қылмыстық іс-жүргізу құқығының элементі ретінде қарастыруға болады. Экстрадицияны қылмыстық құқықтың бөлігі ретінде де қарастыруға болады.

Үнді зерттеушісі Гурдип Сингх экстрадиция шарттар немесе екі жақтылық қағидасына негізделген және оларға сәйкес бір мемлекет екінші мемлекетке оның өтініші бойынша қылмыс жасады деп айыпталған немесе өтініш білдіріп отырған мемлекеттің заңына қайшы қылмыстық әрекеті үшін жазаға тартуға үкім шығарылған тұлғаларды ұстап беретін процессті қамтиды деп есептейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған.
2. Даубасов С.Ш. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру (экстрадиция) аясындағы қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу. заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2005. - 138 б.
3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндерме. Жалпы және Ерекше бөлімдер. – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1995 ж.
5. Байжанов М.М. Қылмыскерлерді ұстап беру ұғымының ерекшеліктері //Қазақстандық халықаралық құқық журналы. – Алматы. - 2011. - № 1 (41). - 26-33 бб.
6. Байжанов М.М. Құқықтық көмек көрсету түсінігі мен мазмұны // Республика Казахстан и актуальные проблемы международного частного права: мат-лы круглого стола

УДК 343.622

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ – ҒАСЫР ІНДЕТІ

Пусырманов Әділбек

111_qqq_12@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к. Мұратханова М.Б.

Тәуелсіздік деген ұғымның өзі әр адамға жағымды естіліп, өзіне деген сенімділікті арттыра түседі. Тәуелсіздік бұл еркіндік, өз алдына дербестік. Тала ата бабаларымыз аңсаған арманға жеткенімізге бүгінде міне жиырма төртінші жылға да жетіп келеміз. Осы жылдар аралығында мемлекетіміздің барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін тіктей бастап, халықаралық аренада өз беделін көрсете түсті. Десек те, бүгінгі қоғамда алаңдатарлық келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – мемлекетіміздің діни ахуалы.

Қазақстан әлеуметін сан-саққа салған діни келеңсіздіктердің пайда болу себептері қандай? Дін атын жамылып жүрген теріс бағыттағы топтардың көздеген түпкі мақсаттары не? Мақаламызда осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бар ой-санамыз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық, нарықтық мәселелерге бағытталып, рухани құндылықтарды жаңғыртуға деген ынта-талпынысымыз аз да болсын кешеуілдеді. Соның салдарынан қоғамда рухани бос кеңістік орын алғаны рас. Осы тұста жат елдерден келген әр түрлі діни экстремистік идеялы топтар өздерінің саясаттарын ұтымды пайдаланып, сол рухани бос кеңістікті өздерінше толтыруға тырысып бақты. Сондай-ақ, еліміздің «Діни-сенім бостандығы туралы» Заңының

мүмкіндіктеріне иек артқан шетелдік миссионерлер ел ішіне өз идеологияларының тамырын тереңнен жайып, мейлінше үгіт-насихат жасап үлгерді. Осы ретте Діни экстремизм дегеніміз – ел ішінде алауыздық тудыруды, жеккөрушілік пен дінді саясаттандыруды көздеп, сол арқылы қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Экстремизм Қазақстанда кең ауқымда пайда бола қоймағанымен, конфессионалдық тұрақсыздықтың бізде де бой көтеруінің белгілі бір қаупі бар. Әрине, егер осы қауіпті өз уақытында сезініп, алдын алмасақ...», - деген болатын. Осы орайда, з.ғ.д., профессор Н.М.Әбдіров те: «Экстремизмге қарсылықты іске асыруда кешенді және жүйелі жол қажет. Сонда реттеуші ғана емес, тыйым салушы да шаралар қарастырылатын еді», - дейді.

Дегенмен де, бұл бағытта атқарылған жұмыстар да аз емес. Оған дәлел, бүгінде заң, дінтану, саясаттану және теология саласында білікті мамандар еңбек етіп, діни ұйымдардың іс-әрекеттерін қатаң бақылауға алып, олардың таралу шеңберін шектеуге біршама күш жұмсауда.

Жалпы, экстремизм деп нені түсінеміз?

Экстремизм, тілдік мағынасында «шеттеу» (фр.Extremisme, лат.Extremus), яғни «орталықтан ауытқу», «белгіленген жерден шығып кету» дегенді білдіреді. Терминдік тұрғыда: «тәртіпті мойындамайтын», «өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы» дегенге саяды.

Экстремизм, көбіне, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген пікірінен туындайды. «Тек менің ғана пікірім дұрыс болуы керек» деген секілді. Әйтсек те, бұл экстремизмнің бастапқы кезеңдерінің ғана көрінісі болып саналады [1].

XXI ғасырдың соңғы жылдарында діни жағдайлармен байланысқан экстремизм қанатын кеңге жайды. Алайда, экстремизмнің пайда болу сахнасы – саяси орта болғандықтан, шын мәнінде, ол діни экстремизм болып саналмайды. Ал, экстремизмнің белгілері қандай?

Экстремизмнің белгілері:

Экстремизмнің бірінші белгісі – адамның надандыққа, көрсеқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқат жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Олар, жөн білетін, дұрыс бағыт көрсете алатын адамдардың ешқайсысын мойындамайды. Өз-өзіне сын көзбен қарау деген түсінік – олар үшін жат пайым. Олардың түсінігінше, тек өздерінің ғана сенімдері тура, өзгелердің барлығы – адасушы. Сондықтан да, олар өздерінен өзгелердің бәрін әділетсіз, әрі қатігез деп айыптауды міндет санайды, ал өздерін кіршіксіз, күнәсіз Пайғамбардай көреді. Мұның соңы шариятқа, заңға қайшы келетін әрекеттерге, әртүрлі қақтығыстарға алып баратын жалған пікірлердің қоғамда етек жаюына, мәжбүрлеу арқылы өздерінің пікірлерін тықпалауға жетелейді.

Экстремистердің екінші белгісі – ешбір қажеттілігі болмаса да, кез келген істе шектен шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да соған итермелеуі. Нәтижесінде, мұндай жағдайлар адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. [2].

Радикализм – өмір сүріп отырған қоғамдағы ұлттық дәстүрге жаппай қарсы шығып, араздық пен алауыздыққа бағытталған, сондай-ақ жаңсақ пиғылды идеологияларын бек ұстанып, ымырасыз жүзеге асыру әрекеті.

Сепаратизм – жіктелуге, бөлектенуге, оңашалануға тырысушылық. Мәселен: «Хизб-ут-Тахрир», «Әл-Каида» және «Талибан» сынды топтардың теократикалық халифат құру қозғалысы. Бұл бағыттар – кезінде өзге елдердің астыртын саясаты салдарынан туындаған, белгілі бір топтың мемлекеттен бөлінуі немесе басқа мемлекетке қосылу әрекетінен пайда болған.

Ал «Терроризм» ұғымы араб тіліндегі (ارهاب) «ирхаб» сөзінен шығып, «қорқыту», «үркіту» мағынасын білдіреді. Оның «зорлық-зомбылық», «қорқыныш пен үрей туғызушылық» және «кінәсіз адамдарға кесір тигізу» сынды басты белгілерін айқындай

кетуге де болады. Бұл анықтаманы негізге ала отырып, одан «терроризм – үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қокан-лоққы мен зорлық-зомбылық», - деген қорытынды шығаруға болады [3].

Ислам діні – ғылым мен білімге, толеранттылыққа шақырады. Ал Ислам атын жамылған экстермистік топтар – бұқара жұртшылықтың татулығы мен ауызбіршілігін бұзатын, ұлтаралық араздық пен алауыздықты туғызатын жаңсақ пікірлі саяси-топтар. Соңғы он жылдың ішінде соттың шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік діни ұйымдардың тізімі:

I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:

«Аль-Каида», «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс», «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс», «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)

II. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес:

«Асбат аль-Ансар», «Братья-мусульмане», «Талибан» қозғалысы», «Боз гурд», «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер», «Лашкар-е-Тайба», «Әлеуметтік реформалар Қоғамы»

III. Астана қаласы сотының 2005 жылы 28 наурыздағы шешіміне сәйкес:

«Хизб-ут - Тахрир» ұйымы

IV. Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 қарашадағы шешіміне сәйкес:

«АУМ Синрикё», «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»

V. Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешіміне сәйкес:

«Түркістан ислам партиясы».

VI. Атырау қаласы сотының 2011 жылғы 25 қазандағы шешіміне сәйкес:

«Джунд-аль-Халифат»

VII. Шығыс Қазақстан облысы арнайы ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 7 маусымдағы шешіміне сәйкес: РҚБ «Сенім. Білім. Өмір»

VIII. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешіміне сәйкес: «Таблиги джамагат»

IX. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыздағы шешіміне сәйкес: «Ат-такфир уаль-хиджра». [4]

Демек, бұл құбылыс нені көрсетеді? Бұл қоғамымызда әлі де Ислам дінінің қайнар көздерімен оқу-ағарту іс-шараларын жиірек өткізіп, дәстүрлі Исламды насихаттау қажеттілігі артып отырғандығын көрсетеді.

Дін атын жамылып, арам пиғылдарын іске асырмақ болып жатқан экстремистер мен лаңкестерге қарсы тұру – баршамыздың ортақ міндетіміз, әрі мүддеміз. Бұл міндетті іске асыруда дін көшбасшылары мен мемлекеттік органдар, мемлекеттік емес ұйымдардың мүшелері, жалпы ұлт болып, халық болып бір сапта, бір шепте тұрып, біріге күрес жүргізуіміз ләзім. Егер біз лаңкестердің лас әрекеттерінен тазарған әлемді көргіміз келетін болса, біздің күш-жігерімізді дәл осы мақсатта шоғырландыруға тиіспіз [3].

Осы тұста халқымыздың: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», - деген де нақыл сөзі бар. Сондықтан Отанымызды сүйіп, дін, өркениет, толеранттылық және болашақ жайлы дұрыс түсінік қалыптасқанда ғана біз экстремизм мен терроризмнің алдын алуымызға болады. Ал дінаралық толеранттылық құндылықтарын бекіту және экстремизмнің алдын алу – ұлық, һәм аса маңызды іс-шаралардан болып табылады.

Елбасы Н.Назарбаев: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сунниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпаққа да әлемдегі ең ізгі дін – Ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал», - деген еді.

Қазіргі таңдағы дәстүрлі Ислам дінін ұстанған исі мұсылмандардың қауіпсіздігі мен ел тыныштығын басты мақсат ете отырып, терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында ҚР Дін істері агенттігі, ҚМДБ және Қазақстан Республикасындағы лаңкестік

және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқаруда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі №648 Жарлығымен діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оны негізгі әзірлеуші ретінде көрсетілген бағдарламаны ұсынды. Қабылданған бағдарламаға сәйкес, терроризм актілерінің дайындалу және қастандық жасау сатысында беті қайтарылғандарының осындай дайындалып жатқан және анықталған қылмыстардың жалпы санына арақатынасы 100%-ға шаққанда 2017 жылға қарай кемінде 95%-ды құрайтын болады.

Бағдарлама радикалдық діни идеологияны тарату табиғатын және экстремизмнің, терроризмнің әлеуметтік көрінісін зерттеу бойынша ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізуді көздейді.

Орта білім беру ұйымдары, арнайы орта және жоғары оқу ұйымдары оқушыларын қоршаған болмысқа саналы көзқараспен қарау және радикалдық діни идеологияны сыни көзқараспен қабылдау үшін дін туралы қажетті білім көлемін олардың игеруін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік білім бағдарламаларын өзгерту ұсынылады [5].

ҚР лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындары мен орта мектептерде семинарлар өткізуде. Мұндай жиындар барысында экстремистік топтар мен тоталитарлық секталарды қалай білуге болатыны жан-жақты түсіндірілуде. Ал экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу бағытындағы іс-шараларға деструктивті ағымдарға ғылыми тұрғыда баға бере алатын, білікті мамандар қатыстырылуда.

Ислам – терроризмге, зорлық-зомбылыққа, діни экстремизмге қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде Ислам атымен сандаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатқаны өкінішті. «Бір адамға қиянат жасау – күллі адамзатқа бағытталған қиянат». Осы қанатты сөзді ескерсек, Ислам діні қашан да қақтығыс, лаңкестік, зорлық-зомбылық, өктемдік секілді мұсылмандыққа жат іс-әрекеттер мен арам пиғылды айыптаған. Біздің асыл дініміз, керісінше, қоғамдық тұрақтылықты, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздайды. Ал, лаңкестіктің ұлты да, діні де жоқ. Сол себепті нағыз мұсылманның лаңкес болып заңның ең қатаң жазасына ұшырауы әсте мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
- 2 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
- 3 Е.Оңғаров. «Болмысы бұлыңғыр, мазмұны маргиналды діни ағымдар». Абай.кз. <http://abai.kz/post/view?id=1475>
- 4 Электронды ресурс [http://www.din.gov.kz/ҚР Мәдениет және спорт Министрлігі Дін істері комитеті сайты](http://www.din.gov.kz/ҚР_Мәдениет_және_спорт_Министрлігі_Дін_істері_комитеті_сайты)
- 5 Ақмола облысы прокуратурасының сайты <http://akm.prokuror.kz/>

УДК: 343.8

ОБЩЕСОЦИАЛЬНАЯ ПРОФИЛАКТИКА КОРРУПЦИИ В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНАХ

Раков Чингиз Казбекович

rakov-chingiz@mail.ru

Магистрант Академии финансовой полиции, Астана, Казахстан

Предупреждение преступности сотрудников правоохранительных органов - это деятельность государственных и общественных органов по осуществлению комплекса мер,